

"Қазақстан Республикасы Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастырудың және жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03-5-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 186 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2009. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 ақпандағы N 57-ОД бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңы 13-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастырудың және жүргізудің ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03-5-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастырудың және жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03-5-НҚ бұйрығының тақырыбынан, 1 және 2-тармақтарынан "Табиғи" деген сөздің алдындағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздері алынып тасталсын; көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастырудың және жүргізудің ережесінде:

тақырыбындағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1-тармақтағы "дамыту" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-тармақта "саласында" деген сөз "жағдайларында" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-тармақтың бесінші абзацындағы "темір жол магистральдарын пайдалану" деген сөздер "магистральды темір жол торабының қызметтері" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8 - тармақ алынып тасталсын;

9-тармақтың бірінші сөйлемі алынып тасталсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тіркелімнің республикалық бөлімін орталық монополияға қарсы орган қалыптастырады және жүргізеді.

Тіркелімнің республикалық бөлімі қызметін шекаралары бір облыстың шегінен тыс шығатын рынокта жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерін қамтиды.

Тіркелімнің республикалық бөліміне қажеттігіне қарай орталық монополияға қарсы орган басқа да табиғи монополия субъектілерін е н г і з у і м ү м к і н . " ;

1 1 - т а р м а қ т а :

"Уәкілетті" деген сөз "монополияға қарсы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"табиғи монополия саласына жатқызылған қызмет түрлері" деген сөздер "қызмет" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"Республикалық Уәкілетті" деген сөздер "орталық монополияға қарсы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бірінші абзацта "және қаулымен ресімделеді" деген сөздер алынып тасталсын ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелімнің жергілікті бөліміне енгізуді және одан шығаруды табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтер рыногының жай-күйі туралы шешімнің негізінде аумақтық монополияға қарсы органдар жүргізеді және орталық монополияға қарсы органды хабардар ете отырып, ресімдейді.";

13-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- белгілі бір табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтер рыногы мен түрлері жай-күйінің өзгеруі;" ;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Монополияға қарсы орган табиғи монополия субъектісінің Тіркелімге енгізілгені (шығарылғаны) туралы шешім қабылданғаннан кейінгі он

күн мерзімде ол туралы осы табиғи монополия субъектісін хабардар етуге м і н д е т т і . " ;

15-тармақта "Уәкілетті" деген сөз "монополияға қарсы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16-тармақта "Уәкілетті органның қаулылары" деген сөздер "монополияға қарсы органның шешімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац алынып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелімге енгізілген табиғи монополия субъектісі:";

1) және 2) тармақшалардағы "Уәкілетті" деген сөз тиісінше "монополияға қарсы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақта "Уәкілетті орган атынан мемлекет" деген сөздер "монополияға қарсы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Уәкілетті органға өтінішпен" деген сөздер "оны Тіркелімге енгізген монополияға қарсы органға арызбен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "Уәкілетті" деген сөз "монополияға қарсы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Жиынтық талдау және аумақтық бөлімшелердің қызметін үйлестіру департаменті (С.А.Ержанова) және Заңнама және тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеу департаменті (А.Т.Рахымжанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Әкімшілік жұмысы департаменті (Б.Б.Досан):

1) осы бұйрықты тіркелгеннен кейін ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға